


Өмірін өнерге арнаған ардагер

Музыкант-ұстаз
Еркін ҚОЖАХМЕТҰЛЫ
ортамызда болса 83 жасқа
толар еді.

Жалған дүние! Сап-сау ортамызда ойнап күліп жүрген ағамыз Астанаға барып қыдырып жүргенде, ауруханаға түсіп «Коронавирус» деген тажалдан көз жұмды. Бір күнде ортамыз ойсырап, ойда жоқта тағы да бір жақсыдан айырылды. Осы індеттен талай жақсылар көз жұмды. Тіпті осы кісі ауырады деп ойламаушы едік. Қатарынан көш ілгері озық, жасы сексеннен асса да спортпен айналысып, күніне бірнеше шақырым жаяу жүріп, велосипед теуіп, жаздай саяжайға барып, бау - бақша салып, күнделікті апай екеуі, қол ұстасып, ақырын аяңдап, кербез басып, қос аққудай жарасымдылықпен, сыпайы, таза, мәдениетті қартаюдың үлгісін қала халқына көрсетіп жүруші еді жарықтық.



саласының маманына көбірек ұқсайтын, байыппен сөйлеп, әр сөзін нақтылап, шегелеп отыратын Еркін ағаны екі - үш рет сырттай кездестірдім. Қалыпты, парасатты азамат екені жүріс тұрысынан, сөйлеген сезінен, ойлы көзқарасынан көрініп тұратын. Ел ағасы ол кезде 70 жасқа келсе де, жүрісі ширақ, қадамы нық, қимылы шапшаң бо-

дың мамыр айының екінші жұлдызында Қостанай облысы, Наурызым ауданы, Дәмді селосы, Жалаңаш ауылында өмірге келген. Жастайынан музыка саласына бейім азамат Шымкент, Алматы музыка училищелерін тәмамдаған. Халық аспаптары бөлімі мен музыка ілімі негіздерінің кәсіби маманы, аспаптар оркестрінің дирижері, сольфеджио, музыка ілімі негіздері, гармония, музыка әдебиеттері пәндерінің ұстазы. 1965 жылдан бері музыка мектебінің мұғалімі, орыс халық аспаптар және үрмелі аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі,

ұзақ жылдар бойына оқу ісінің меңгерушісі, басшы қызметтерін атқарған. Сол уақытта музыка мектебі мен Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің музыка бөлімінде сольфеджио, музыка ілімінің негіздері, гармония, музыка әдебиеті пәндерінің ұстазы болатын. Музыкадан орысша - қазақша сауатты. Қазақ музыка өнері саласын да көптеген жылдардан бері тиянақты ен-

зақ халық ән өнері - халық әндері мен халық композиторларының әндері «жөніндегі оқулығы 2003 жылы жарық көрді. 2007 жылы Усовтың «Шетелдердегі үрмелі аспаптардың шығу тарихы мен орындалу шеберліктерінің дамуы «жайлы оқулығын қазақ тіліне аударып, оқу құралдарының санын толықтырды. Вахромеевтың «Музыка ілімінің негіздерін», «Сольфеджио - музыка мектептері мен орта буын оқу орындарына арналған оқулықтарын», «Гармония» оқулығының I, II бөлімін аударып, музыка мектебінің бағдарламасы бойынша 4-ші, 7-ші сыныптарға арналған музыка әдебиеттері оқулықтарын, басқа да көптеген оқу - тәрбие жұмыстарын жоғарғы өнер, музыкалық оқу орындары ғылымдары мен тәжірибелі ұстаздардың сынақ - сараптамаларына ұсынып, одан «жоғары деңгейдегі еңбек» деген бағасын алған.

Марқұм Еркін аға тек музыка саласының маманы ғана емес, ана тіліміздің үлкен жанаушысы. Туған ана тіліміздің туының биік, абыройының асқақ, беделінің жоғары болуын, өзге ұлт тілдерімен ана тіліміздің терезесі тең болуын армандайтын азаматтың бірі де, бірегейі еді. Әділдікті ту еткен, сауатты, мәдениетті, озбырлығы, жұлмырлығы, өзімшілдігі жоқ, ұстамды, қарапайым, қайырым мол азаматтың бүгінгі қоғамға, оның дамуына қосқан

еске салып отыратын. Елдің азаматтарының келбетін зерделеп, зерттеп, тиісті ұсыныс жасап, бағасын беріп келе жатқан ел ағаларының бірі де осы Еркін Қожахметов ағамыз еді.

Арқалық қаласының дамуына еңбегі зор, бірақ еленбей жүрген азаматтарға қамқор болып, қолынан келгенше көмек қолын созып, ақыл кеңесін де айтқан осы кісі. Қоғамдық жұмысқа белсене араласатын. Аса сыпайы, мәдениетті, «қарағым», «қалқам» деп сөйлейтін, әр сөзін мәнерлеп, шегелеп, нақтылап, аса бір байыппен, байсалдықпен жеткізетін. Сөз сөйлеу, бата беру, әңгіме айту жүйесінен аса бір тиянақты, тәрбиелі, үлгілі, батағой қарианың жанында отырғаныңнан аса бір рухани қуат аласың. Аса мәдениетті ағамыздың әңгімесін ұйып тындай бергің келеді. Әңгімесіне елітіп, оқиғаға кіріп, осы әңгіме аяқталмаса екен, бөгде біреулер сөзін бөлмесе екен деп іштей тілеп отырсың. Бәз біреулердің елеуреп сөйлеп, екпіндеп, айғайға басқан сөзінен ағаның ақырын айтқан сөзі құлақтан кіріп, бойды алып, дененді шымырлатып, ойынды басқаға бұрғызбай өзіне баурап алып отырады.

Осындай асыл ағамыз бүгінде ортамызда жоқ. Орны ойсырап, орындығы бос тұр.

Аллаға шүкір! Артында аққудай апамыз, алтын асықтай балалары, жанашыр ағайын-туы-

Артық ауыз сөзі жоқ, мұнтаздай тап таза, сыпайы киім, сабырлы мінезді ағаның осы жастағы кезін сексеннен асты деуге қимайсың. Қатарына қарасаң, бұл кісіні жетпіске жетпеген қария деп топшылайсың. Кездескенде «қарағым», «қалқам» деп, арқаңнан қағып, құшақтап, үлкендік мейір - шапағатын төгіп тұратын. Бірге туған ағадан да ондай мейірім көрген емеспін. Алғаш Арқалық қаласына келгеннен кейін, қаланың тыныс - тіршілігімен таныса жүріп, ел ағаларына сәлем беруді өзіме парыз санадым.

Бір қараған кісіге музыка саласының адамынан гөрі тарих

латын. Алғаш Бораңш Әбеновтің шығармашылық кешінде өлең оқығанын көріп, музыка саласының маманы екенін естідім. Арқалық қаласында 1965 жылдан бері бір салада талмай, жастарды музыка өнеріне тәрбиелеп келе жатқан ардагер екен. Тек қазақ музыкасы емес, әлем музыкасы жауһарларымен жастарды сусындатып, тәрбиелеп, өсіріп келе жатқан азамат болатын. Бүгінгі күні музыка саласында жоғарғы деңгейге жетіп жүрген жастар болса, ол осы Ерекеңнің тәрбиелеген шәкірттері. Басы Бораңш Әбеновтен бастап, одан бергі буын осы кісінің алдынан өткен.

Еркін Қожахметов 1939 жыл-

жылдардан бері «Тыңақты» еңбек жасап келе жатқан ағаның қосқан үлесі де аса зор болатын. Республика деңгейіне дейінгі музыка мектебі мен орта, жоғары оқу орындарына музыка мамандарын даярлайтын ана тіліміздегі оқулықтың, оқу құралдарының тапшылығын ескере отырып, оны толықтыру жолдарын ұсынған бірден - бір маман, музыка мектебінің мұғалімі, үрмелі аспаптары және оркестрінің көркемдік жетекшісі, оқу ісінің меңгерушісі, басшысы қызметтерін ұзақ жылдар бойына атқарған.

Бұл игілікті бастамасы орта, жоғары оқу орындары мен оқу министрлігінен қолдау тауып, соның қорытындысында: «Қа-

үлесі аса зор болды. Көп жағдайда азаматты барлығына, байлығына қарап бағалайтын қоғам қалыптасты. Соларды мақтап, соларды марапаттап жатамызда, адал еңбек жасаған, бір қалыпты ғұмыр кешкен, барлық саналы ғұмырын адам тәрбиесіне арнаған Еркін аға сияқты абзал ағалар кейде қалыс-қалып жатады. Ерекең ағамыз болса «менің мынандай еңбегім бар еді» деп міндетсінбей өмірден озды. Шамам келгенше қоғамға, халыққа пайдам тисін деген шешімінен таймады. Елдің, жердің тарихы мен тағдырына сын көзбен қарап, бұл салада қарымды қалам тартып, біздер ұмытқан күрделі мәселелерді

сы, қара орман халқы, өнер саласында осы кісінің шекпенінен шыққан, тәрбиесін көріп, өмірге жолдама алған, бүгінде алды жетпіске келген немере - шөбере шәкірттері қазақ деген текті елдің әр түкпірінде ағадан алған тәрбиесін, үйренген өнерін халқымыздың игілігіне, отанымыздың бірлік - берекесіне, өнер деген киенің өркендеуіне жұмсап жүрген «Торғай тарландары» Еркін ағаның атын асқақтатып, аруағын асырары сөзсіз.

Ұлы Жаратушы Еркін ағамызға иман, халқымызға береке-бірлік берсін деп тілейік ағайын.

Шөптібай БАЙДІЛДИН